

ҚАЗАҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ БАЛАҒА ҚАТЫСТЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Кенжебекова Г.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Түйте Е.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қай ұлттың болашағы баламен, яғни оның ұрпағымен тығыз байланысты. Осыған орай халқымыз «А, құдайым, бала бер, бала берсең – сана бер, сана бермесең – ала бер» немесе «Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік» дейді. Яғни қазақ әр кезде баламен көгеріп, баламен сыналып отырған. Балаң ортада жақсы болса өлесін, жаман болса өшесін. Бірінші кезекте баланың жақсы болуы білімнен емес, отбасындағы тәрбиеден екенін айта кету керек. Халқымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұл бала мен қыз баланы тәрбиелеуде отбасы институтының – ата-анасының, ата-әжесінің рөлі ерекше болған. Тіліміздегі «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық», «Шешесін көріп қызын ал» деген сияқты мақал-мәтелдер осыған дәлел.

Бала тәрбиесі – қоғамның болашағын айқындайтын аса маңызды үрдіс. Әрбір ата-ана мен ұстаздың басты міндеті – баланы дені сау, білімді, мәдениетті және адамгершілігі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу. Бұл үрдіс тек отбасында ғана емес, мектепте, қоғамда және қоршаған ортада жүзеге асады.

Бала тәрбиесінің басты мақсаты – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Мұнда физикалық, зияткерлік, рухани және әлеуметтік қырлар қамтылады. Мәселен, физикалық даму: денсаулығын сақтау, спортқа баулу. Зияткерлік даму: білім беру, ойлау қабілетін жетілдіру. Рухани даму: адамгершілік, имандылық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру. Әлеуметтік даму: қоғамда өзін ұстау, жауапкершілік, еңбекқорлық. Бала тәрбиесінің негізгі қағидағарына мыналар жатады: махаббат пен қамқорлық – баланың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді. Жауапкершілікке үйрету – өмірлік маңызды дағдылардың бірі. Ұлттық құндылықтарды сіңіру – тіл, дәстүр, мәдениет, тарихқа құрмет қалыптастыру. Білім мен тәрбиенің бірлігі – оқыту мен тәрбиелеу қатар жүруі керек.

Осылардың негізінде тәрбиенің әдістері шығады. Мысалға, үлгі көрсету – ата-ананың немесе ұстаздың өзінің мінез-құлқымен үлгі болуы. Мақтау және марапаттау – баланың ынтасын арттыру. Түсіндіру және кеңес беру – дұрыс шешім қабылдауға бағыттау. Қоршаған ортаны қалыптастыру – баланың достары мен айналасындағы адамдардың әсері.

Бала тәрбиесі – үздіксіз және жүйелі жүргізілетін процесс. Ол ата-ананың, ұстаздың және жалпы қоғамның бірлескен еңбегін қажет етеді. Дұрыс бағытта тәрбиеленген бала – елдің болашағы, ұлттың тірегі [1].

Халық даналығында: «Бала – бауыр етің», «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Бала – адамның жанды жері» дейтін қанатты сөздер бар. Астары қалың, мағынасы терең осы сөздердің өзінде халқымыздың бала тәрбиесіне қаншалықты көп көңіл бөлгендігі көрінеді. Тәрбиенің тамыры құрсақтан бастау алады. Қазақ халқы бесік жыры арқылы құрсақтағы нәрестеге жақсы-жаманның не екендігін түсіндіре бастаған. Бала дүниеге келгеннен бастап оған жақсы жылы сөздер айтып, мақтап, жақсылықты дәріштеп, жамандықтан бойын алыс ұстау керек дегенді тыйым сөздермен санасына бекітіп отырған. Мысалы: «Әлди-әлди, аппағым, Қойдың жүні қалпағым, Жұртқа жаман болса да, Өзім сүйген аппағым! Әлди-әлди, шырағым, Көлге біткен құрағым, Жапанға біткен терегім, Жаман күнде керегім! Қонақ келсе, қой, бөпем, Қой тоқтысын сой, бөпем, Құйрығына той, бөпем!», немесе «Құлынишағым, құлыным, Ұзақ болсын ғұмырың. Құлағыңа құй бәрін, Әжеңнің айтқан жырының, Әлди әлди әлди-ай. Айналайын, бөбегім, Айналайын, өбемін. Азамат боп өссін деп, Ақ бесікке бөледім» немесе «Әлди, менің бөбегім, Әкең жүр зой малменен! Жүрген шығар алысып Шұна қаяз қарменен. Қартайғанда күтетін Әкесі мен шешесін, Қандай жігіт өскенде Болар екен бөпешім? Өңкей біздеі зарлығы, Кемдіктегі жарлығы, Жаным менің ержетіп Көсем болар ма екенсің? Тақылдаған таңдайы, Кере қарыс маңдайы. Алмас тілді немесе, Шешен болар ма екенсің? Бұлбұлдай боп тілінен Тәтті айтқанда бал тамған, Аиы айтқанда қан тамған Ақын болар ма екенсің? Не болмаса жүректі, Күш, қайратты, білекті, Кемшілікке көнбейтін Батыр болар ма екенсің?». Бесік жырын тындап өскен бала сөзге зерек, тілге шешен, алғыр боп өскен. Осы орайда тіліміздегі балаға қарата айтылатын жылы сөздердің, еркелету, айналау сөздерінің мәні ерекше. Олардың жасалу жолдарының уәжі де әр түрлі. Бірі мал атауларына қатысты болса, бірі табиғатқа, бірі түр-түске, енді бірі дене-бітіміне, қылығына, дәмге т.б. байланысты: құлынишағым, құлыным, ботам, қозым, лағым, құрағым, терегім, жапырағым, гүлім, айым, күнім, аппағым, жарығым, жарқыным, алтыным, қап-қарам, шырағым, томпағым, нәзігім, сұлуым, көркем, еркем, тәттім немесе көз тимеу мақсатында жаманым, қап-қарам т.б.

Баланы тұлға етіп қалыптастыруда ең алдымен тілдік қарым-қатынастың рөлі зор. Ой-өрісін кеңейтуге, бойына ізгілік пен мейірімділікті қалыптастыруда ауызша әңгімелесудің, қиялын дамытуға ертегі, аңыз-эпсаналарды, өлең-жырларды айтудың, өсе келе кері байланыс орнатуда сұрақ-жауаптың орны ерекше. Осының нәтижесінде баланың ой-өрісі дамып, танымы кеңейіп, әлемнің бейнесі санасына бекиді, әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Белгілі ғалым Альберт Эйнштейн: «Бала ақылды болуы үшін не істеу керек?» деген сұраққа: «Егер де балам ақылды болсын десендер, ертегі оқып беріндер. Егер олардың одан да ақылды болғанын қаласандар, одан да көп ертегі оқындар» - деген екен. Ал ертегіні іздесеңіз, оны кітаптан табасыз. Сонда балаға кітап оқып беру және сол кітапты оқуға үйрету – тәрбиенің қайнар көзі екен.

Кезінде хакім Абай: «Адамның бір қызығы – бала деген, Баланы үйретуді жек көрмедім!» - деп текке айтпаған. Алаштың алғашқы ұстаздарының бірі Ыбырай Алтынсарин: «Бір Аллаға сиынып, кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық!» - деген еді. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ел болам

десең – бесігіңді түзе!» - деп айтты. Ұлылар осылай ұрпаққа үлгі қалдырды. Шындығында бала тәрбиесі қашанда қоғам назарында болуға тиіс. Елімізде балаларға көп көңіл бөліп жатқандығы бәрімізді қатты қуантады. Соның бір дәлелі – өткен бір жылды тұтастай балаларға арнауы болды. Біршама игілікті іс-шаралар атқарылды. Дегенмен, бұл үрдіс бір жылмен шектеліп қалмай, әрі қарай жалғасын тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Балалардың құқықтарын қорғаумен қатар, отбасындағы тәрбие мәселесіне қатысты жайттарды да назардан тыс қалдырмау керек. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылығы да осында жатыр. «Балаң өзіне тартса жұбан, қоғамға тартса қуан» деген нақылдың растығына да көз жеткізер едік. Бұл турасында академик Е.А.Бөкетов: «Адамды тәрбиелейтін орта, оны өзгертетін де, өсіретін де сол орта» - дейді. Яғни ортаның бала тәрбиесіне әсері зор.

Қазақ танымында **бала** – қуаныш. Мысалы *балалы үй базар, әйелі ұл тапқандай қуанды, бала –көңілдің гүлі, көздің нұры, бала – жүректің миуасы; бала* – барың, өміріңнің мәні: *бала – бауыр етің, жанды жерің, жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар; баласы үшін отқа да қую, суға да түсу, қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқтырмау; бала* – аңғалдықтың, шалалықтың, пәктіктің, тазалықтың белгісі: *балалы үйдің ұрлығы жатпас, балаға айтқан сыр – байланбаған бұзау, баланың ісі шала, бала соққан кездіктің басы жарық, бала жетіге келгенше жерден жеті рет таяқ жейді; бала* – жастықтың символы: *баланың қылығы тәтті, бала жүгірсе қарттың қарап отырып аяғы ауырады; ойнап жүріп от басты; бала* – ақыл-парасаттың иесі: *бала тілі – бал, баланың сөзі батпандай; бала* – ата-ананың, елдің қорғаны, болашағы: *болатын бала богынан, ұл туганда күн туар, ұлың өссе үлгілімен ауыл бол т.б.*

Балаға дер кезінде берген тәрбие – оған құйған инвестиция. Бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы болары сөзсіз. Тек, тәрбиені тал бесіктен дұрыс жолға қою қажет. Қазақ отбасындағы ер баланы қыз баладан жоғары санаушылықтың бар екені рас. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген өмірінде ер-азаматтардың басын қадірлеп, елін-жерін қорғайтын жігіттердің аманшылығын тілеп, Тәңірден ер баланы табына, жалына сұраған. Сөйтіп, қазақтың ұлттық ерекшелігі – ер азаматтың бағасы, отбасылық орны қалыптасқан. Бұл тенденция жаугершілігі жоқ бейбіт кезеңдерде де, тіпті қазіргі кездерде де сақталған. Халқымыздың патриархалдық бұл көрінісі жас ұрпақ психологиясында мықтап орын алған. Халықтың тәрбие дәстүрінде де бұл құбылыс ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ең жақсы дәстүр болып табылады. Міне, осындай қарапайым да табиғи жағдайлар – қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-этнографиялық, табиғат-климат факторлары бірігіп, тұтаса келе, мыңдаған жылдар аумағында қазақ халқының қоғамдық психологиясын, ру-тайпалық және әлеуметтік психологиясын, тұрмыстық және кәсіптік психологиясын, отбасы мен жеке тұлға психологиясын, қалыптастырып, ұлттық мінез сомдады. Ұлттық психология топырағынан көктеп шыққан халықтық педагогика дәстүрлері қазақ халқының бұлжымас тәрбие жолына айналды. Демек, ұлттық психологияның терең тамырларын зерттеп білмейінше, халықтық педагогиканың қағидаларына терең бойлау мүмкін емес [2].

Бүгінгі таңда елімізде болып жатқан рухани жаңғыру аясындағы түрлі бағдарламалар, ұлттық басылымдар және ізгілікті іс-әрекеттердің барлығы осы отбасы құндылықтарын нығайтудағы игі қадамдар болып табылары сөзсіз. Оның үстіне қазіргі қоғамның аласапыран кезеңдері баланың жанына жарақатын салмай, әсерін тигізбей тағы тұра алмайды. Сондайда дұрыс-бұрысын бағамдап, ұлттық рух негізінде оң-солына бағыт беретін санасына үміт отын толтыратындай, әркез жасөспірімнің қасынан табылардай жақсы ақпарат, яғни дұрыс баспасөз, балалардың жанын түсінетін, сол тілде сөйлейтін контент – кітаптар мен газет-журналдар аса қажет. Ең әуелі жас жеткіншектер – болашақ тұтқасының иелері. Соны ұмытпаған абзал.

Тәрбиенің ең әсерлісі, ең өнегелісі – өзінің тәрбиелі, көргенді болуың ғой. Ендеше контенттеріміздің өзі талғампаз болуы керек. Сол себепті де балаларға арналған басылымдар идеясы тұрғысынан, көркемдік құндылығы тұрғысынан мезгіл-мезгіл талдаулар жасап, жақсысын жақсы деп, сәтсізін сәтсіз деп көрсетіп отырса, әркімге-ақ, әсіресе, жастарға үлкен сабақ болар еді. Ал басылымдар осы қағидаларды жақсы ұстанса, ықшамдығы мен өткірлігі, көркемдік және идеялық тұтастығы арқасында тез жатталады, баланың жадында ұмытылмай сақталады.

Біздің заманымыз – рухани өсу, биіктеу заманы. Ішкі дүниесі нұрлы бала көңілді, оның бойындағы күш – қуаттың қайнар бұлағы да сарқылмайды, еңбегі де жемісті, адами келбеті де дұрыс қалыптасады.

Адам баласының жан дүниесі нұрлы болуы – тәрбиесінде, алған білімінде. Тегінде, білік бесіктен басталады. Сондықтан жас буынды жастайынан азамат етіп тәрбиелеу, таныту – бізге уәзіпа. Ал, жеткіншектерге Мұзафар Әлімбаевтің сөзін арнаймыз: «Бір-ақ істе мешкей бол: білуге де тойма, білімге де тойма!» [3].

Бала – болашағымыз. Ағашты жас кезінде қалай отырғызсаң, өскенде нәтижесін солай көресің. Халқымыз «Не ексең, өскенде соны орасың» дейді. Осы тәрбиенің дұрыс берілмеуіне қатысты тілімізде баланың кереғар, жағымсыз бейнесін сомдайтын мақал-мәтелдер де жоқ емес. Мысалы: «*Бейбастақ балаға күле қарасаң бас киімді ала қашады*», «*Ерке баладан жыңды балам жақсы*», «*Ерке бала екі жылар*», «*Өлетін бала молаға қарай жүгірер*», «*Жаман бала күйік*», «*Балаң жаман болса көрінгеннің мазағы*», «*Баланың сотқары – пәленің шоқпары*», «*Әдепсіз бала – аяққа басылған шала*» т.б. Бұл турасында әл-Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тегін айтпаса керек.

Баланы жастайынан дұрыс тәрбелеп, оған жанына жақын жылы сөз айтып, түзу бағыт-бағдар бере білсек, оның өскенде білімді, иманды болатыны сөзсіз. В.Г.Белинский: «Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс» деген. Сондықтан халқымыз өзінің мәдениеті, іс-әрекеті мен сөзі арқылы ұрпағының саналы болуын әр кез мақсат еткен.

Иә, бала тәрбиесі қай кезеңде болсын, өте өзекті, өміршең тақырыптардың бірі. Адамзат жаралғаннан бері бұл тақырыпты айтып та келеді, жазып та жатыр. Мәңгілік мәні бар мәселені қозғап, жаңғыртып, насихаттап жатқанымыз, біздің де балаларға, жалпы ұрпаққа деген махаббаттан, сүйіспеншіліктен туындаған жүрек үні...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ балалар әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы, 1974.
3. Қошым-Ноғай Б. Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. – Алматы, 2021.
4. Балалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. – Т. 69. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.